



Ауыл шаруашылығында лизингті ұйымдастырудың тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 15 сәуірдегі N 341

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығында лизингті ұйымдастырудың тәртібі мен шарттары туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 15 сәуірдегі
N 341 Қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығында лизингті ұйымдастырудың
тәртібі мен шарттары туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 201-1 Z970201_ Заңында көзделген қаражатты (бұдан әрі - қаражат) ауыл шаруашылығында 1.000.000.000 (бір миллиард) теңге сомасында лизингті ұйымдастыру бағдарламасына (бұдан әрі - Бағдарлама) пайдаланудың негізгі ережелерін айқындайды.

2. Қаражатты, әдетте, қазақстандық өндірістің жаңа ауыл шаруашылығы техникасын (бұдан әрі - лизингтехника) сатып алуға және пайдалануға, ауыл шаруашылығы өндірушілері қаражаттың республикалық бюджетте қайтарылымы қамтамасыз етілетін лизингтік негізде бөлінеді.

3. Бағдарламаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (

бұдан әрі - Қаржымині) мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау мемлекеттік қорын (бұдан әрі - Қор) агент ретінде тартып, онымен тиісті келісімге қол қояды.

Қор лизинг субъектілерімен қатынаста Қаржымині мен

Ауылшарминінің өкілі ретінде болады және олардың қаржылық әрі өндірістік-технологиялық саясатын жүргізеді, қаражаттың мақсатты пайдаланылуын және қайтарылымын бақылайды.

4. Лизингтің негізгі субъектілері мыналар:

инвестор ретіндегі Қор;

ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер мен берушілер (бұдан әрі - берушілер);

лизинг берушілер - заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының резиденттері;

лизинг алушылар - ауыл шаруашылығы өндірушілері;

инвесторлар, гаранттар, кредиторлар, кепілдік берушілер, кепілдік ұстаушылар ретіндегі екінші деңгейдегі банктер;

лизингтің қосалқы субъектілері мыналар болуы мүмкін:

сақтандыру компаниялары;

көлік компаниялары;

ауыл шаруашылығы техникасына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі компаниялар.

Лизинг беруші ретінде дайындаушы-зауыттың өзі де бола алады.

5. Қаржымині бюджеттік қаражатты Қордың "эскроу" арнайы шотына аударады.

6. Бағдарламаны орындау жөніндегі жұмысты үйлестіру үшін Ауылшармині жанынан лизингтік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады. Комиссияның құрамын Ауыл шаруашылығы министрі бекітеді.

7. Комиссия конкурстық негізде уәкілетті лизинг берушілерді (бұдан әрі - лизинг берушілер) іріктеуді жүзеге асырады.

Лизинг берушілерді таңдап алудың неғұрлым маңызды өлшемдері:

а) қаражаттың бюджетке қайтарылуының кепілдемесін;

б) лизингтік операцияларды қоса қаржыландыруды және несие беруді;

в) лизингтік төлемдердің уақытында жасалуын қамтамасыз ететін әріптес-банктің (

бұдан әрі - Банк) болуы деп саналады.

8. Қор мен лизинг беруші лизингтің негізгі қаржылық және техникалық шарттары, тараптардың міндеттері мен құқықтары туралы Бас лизингтік келісімді жасайды.

9. Қордың алдында берешегі бар лизинг берушілер 1998 жылғы лизинг Бағдарламасына қатысуға құқығы жоқ.

II. Машина жасау өнімін берудің номенклатурасын және көлемін анықтау

10. Бағдарламаның негізгі бағыттарын, пайдаланылуы лизингтік негізде жүзеге асырылатын машина жасау өнімін берудің номенклатурасы мен көлемдерін (бұдан әрі - номенклатурасы мен көлемдерін) және жобалар шығыстарының сметасын комиссия айқындайды және бекітеді. Комиссия шешімдерінің іске асырылуы Қор арқылы жүргізіледі.

11. Номенклатура мен көлемдерді лизинг берушілер агроөнеркәсіп кешенін материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің, ұйымдардың тапсырыстары бойынша құрады және Комиссия оларды мынадай негізгі өлшемдердің негізінде бекітеді:

а) ауыл шаруашылығы техникасының нақты түрлерін беруге арналған ең аз бағалар мен ең аз көлік шығындары.

Комиссия лизингтехниканың тіркелген бағаларын ұзақ уақыт, кемінде үш ай бойы, қолдау мақсатында бұл мәселелерді шешу бойынша қорытындылар жасауды және ұсыныстар әзірлеуді лизинг берушілерге тапсырады. Тоқсанның басталуына дейін он күннен кешіктірмей, беруші-зауыттар есептемелердің негізінде бағалардың деңгейін өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді. Он күннің ішінде комиссия лизинг берушілерді қатыстыра отырып, оларды қарайды және тиісті шешім қабылдайды;

б) лизингтік шарттың қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде лизингтік төлемдердің есебі үшін лизингтехниканың құнына индекстеу жүргізілмейді;

в) осы түрдің машиналармен және жабдықтармен қамтамасыз етілуінің деңгейі (нормативтермен салыстырғанда). Импорттық машина жасау өнімі Комиссияның келісімі бойынша сатып алынады;

г) машина жасау өнімінің сапасы және оның озық ғылыми-техникалық жетістіктерге сәйкестігі;

д) кооперация принципінде ауыл шаруашылығы техникасын шаруашылықаралық пайдаланудың жағдайларын жасау.

12. Қор әрбір лизинг беруші үшін қаражат, номенклатура, көлемдер негізінде квоталар (бұдан әрі - квоталар) жасайды, олар Бас келісімдерде тіркеледі және орындау үшін міндетті болып саналады.

III. Лизингтік операцияларды жүргізу

13. Лизинг беруші мен лизинг алушы, қажеттілік бойынша Банк қатысқан кезде, квоталар мен тапсырыстардың негізінде лизингтік келісім жасасады, онда лизингтің, кепілдеменің, тараптар міндеттемелерінің және құқықтарының қаржылық және техникалық ережелерін бекітеді.

14. Лизинг беруші квотаның негізінде:

1) Қажеттілік бойынша Банкті қатыстыра отырып,

а) машина жасау өнімін берушілермен (өндірушілермен);

б) лизинг берушінің немесе лизинг алушының базасына дейін машина жасау өнімін тасымалдау туралы - көлік компанияларымен;

в) сақтандыру компанияларымен шарттар жасасады;

2) осы өнімнің жіберілуі мен тасымалдануын ұйымдастырады және бақылайды;

3) мыналарды өз қаражатынан төлейді:

а) берушіге - машина жасау өнімінің құнын;

б) көлік компаниясына - көлік қызметтерінің құнын;

в) сақтандыру компанияларына - сақтандыру қызметтерінің құнын.

4) Өз қаражаты жетпеген немесе болмаған жағдайда, 3-тармақшаны орындау үшін, лизинг беруші бұл мақсаттар үшін Банспен тиісті несиелік келісім жасасып, одан несие ала алады.

15. Лизинг беруші алынған жабдықтардың сапасы мен құралымы жөнінен ГОСТ пен ТУ-дың және берушінің жіберілетін құжаттарды рәсімдеуінің талаптарына сәйкес келетінін растаған соң, Банк берушінің есеп айырысу шотына қаражаттарды, машиналар мен жабдықтардың құнын берушіге төлеу үшін лизинг беруші тапсырған шот-фактураға сәйкес аударады (не берушінің келісімімен төлем кепілдемесін береді).

16. Лизинг алушы машина жасау өнімін қабылдауды лизинг алушы мен лизинг берушінің өкілдері қол қойған қабылдау-тапсыру актісімен рәсімдейді. Машина жасау өнімін лизинг алушы тек акт бойынша қабылдағанда ғана, Қор оны лизинг объектісі деп таниды және лизингтехника деп саналады.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне пайдалануға түспеген машина жасау өнімі лизингтехника деп саналмайды және қаражат төленбейді.

17. Лизинг беруші мен Банк, берушінің шот-фактурасын, лизингтехниканы қабылдау-тапсыру актісі мен лизингтік және соған сәйкес операциялар бойынша барлық төлем құжаттарын Қорға тапсырады.

18. Қор 5 банк (бес) күнінің ішінде лизингтехниканың және соған ілеспе қызметтердің құнына тең қаражатты Банктегі лизинг берушінің шотына аударады.

19. Берушілердің тұтынушылармен тікелей келісімдері немесе шарттары бойынша лизинг берушілердің құжаттарыңыз жіберілген машина жасау өнімі лизингтехника деп есептелмейді және қаражат төленбейді.

20. Лизинг беруші Қорға тапсырылған шот-фактураға сәйкес дайындаушы-зауыттың есеп-айырысу шотына қаражат аударылған сәттен бастап лизингтехниканы өзінің балансына есепке алады.

21. Лизинг алушы өз кезегінде келген лизингтехниканы, лизингке алынған ретінде өзінің баланстан тыс шотына кіргізеді, сол бойынша заңда белгіленген тәртіппен тозымды есептейді және лизингтік шартта белгіленген мерзімде лизингтік төлемдерді өтейді.

22. Автокөлік құралдары - МАИ органдарында, ал ауыл шаруашылығы техникасы - Мемлекеттік техникалық қадағалау органдарында лизингтің қолданылуы мерзімінде уақытша есепке қойылуға жатады. Автомобильдер мен ауыл шаруашылығы техникасын лизингке берген кезде және лизингтің қолданылу мерзімі біткен соң тіркеу және қайтадан тіркеу, сондай-ақ оның қолданылуы кезеңінде кез келген тіркеу операцияларын жүргізу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жасалады.

23. Біреуінің құны 0,5 млн. теңгеге дейінгі машина жасау өнімі жөніндегі лизингтік келісім - 3-4 жылға дейінгі мерзімге, ал 0,5 млн. теңгеден асатын 5 жылға дейінгі мерзімге жасалады және мыналар болуы тиіс:

кепілдік, кепілдемелер және сақтандыру полистері түріндегі лизингті қамтамасыз етудің шарттары;

төлемдердің (алғашқы және кейінгі) мөлшерлері, қайтарылым кезеңдері, сондай-ақ лизингтік төлемдердің мерзімдері.

Лизингтік төлемдердің төлеу мерзімі өткен кезде, лизинг алушылар төлемнің сомасына Ұлттық Банктің орындау күні қолданылған 1,2 қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде өсім қосады;

лизинг алушы шартта көрсетілген барлық төлемдерді енгізген соң лизингтехниканың тікелей лизинг алушының меншігіне міндетті түрде өтуін;

дайындаушы-зауыттармен (берушілермен), жөндеу-техникалық кәсіпорындармен, агрожабдықтаушылармен, техникалық орталықтармен және басқа ұйымдармен кепілдемелі және кепілдемеден кейінгі кезеңде келісімді негізде техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүргізу

жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтиды.

24. Лизинг алушы мынадай лизингтік төлемдерді төлейді:

Қорға сыйақы - лизингтік техника құнының 1 %-іне дейін - техника алу кезіндегі бір жолғы төлем;

лизинг берушіге үстеме баға - лизингтік техника құнының 7 %-іне дейін - техника алу кезіндегі бір жолғы төлем.

25. Жыл сайынғы лизингтік төлемдер, мына формула бойынша есептеледі:

Б+Н+С+Ж-Қ Б - Қ

$L = \frac{\text{-----}}{m} = \frac{\text{-----} + n + c + j}{m}$, мұндағы:

Л - жыл сайынғы лизингтік төлем;

Б - лизинг объектінің сатып алу бағасы;

Н - несие үшін төлемдердің сомасы;

С - сақтандыру жарналарының сомасы;

Ж - жөндеу мен қызмет көрсету үшін төлемдердің сомасы;

Қ - объектінің жалдау мерзімі аяғындағы қалдық құны;

м - жалдаудың жылмен есептелген мерзімі;

с - жыл сайынғы сақтандыру төлемі;

н - несие үшін жыл сайынғы төлем;

ж - жөндеу мен қызмет көрсету үшін жыл сайынғы төлем.

IV. Ауыл шаруашылығында лизингті қаржыландыру үшін бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылау

26. Қор қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

Лизинг берушінің қаражатты Қорға қайтаруының ережелері мен мерзімдері Бас келісімде қарастырылады.

27. Лизингтік шарттардың қолданылуы мерзімі ішінде лизинг алушыдан лизинг берушіге түскен төлемдерді лизинг беруші үш күндік мерзімде Қордың шотына аударуға тиісті.

Лизинг алушылардан алынған қаражатты лизинг беруші уақытында аудармаған жағдайда, одан аударылмай қалған, Қордың шотына аударылатын қаражат сомасынан Ұлттық Банктің қолданылып жүрген 1,2 қайта қаржыландыру ставкасы мөлшерінде айыппұл алынады.

28. Лизинг беруші мақсатсыз пайдаланған қаражат толық көлемінде, міндеттеменің орындалуы күнгі Ұлттық Банктің 1,2 қайта қаржыландыру ставкасы мөлшеріндегі айыппұлды төлеттірумен бір мезгілде Қорға қайтарылады.

29. Қор лизинг берушілер тапсырған деректердің негізінде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей Ауылшармині мен Қаржыминіне лизингтік операцияларды жүргізуге бөлінген қаражаттың пайдаланылуы және төлемдердің түсуі туралы тоқсан сайын есеп береді.

30. Лизинг субъектілері банкрот болған жағдайда талаптар "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Ауыл шаруашылығы ұйымдары үшін банкроттықтың рәсімдерін қолданудың ерекшеліктері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1816 Р971816_ қаулысына сәйкес шешілуге тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ